

Тақырыбы: Күздік бидай өсіру технологиясы

Орындаған: Нұртазин О.Қ.
Тобы: АГ-801
Тексерген: Каламов.Б.Х

Семей 2018



жоспары:

- I. Кіріспе
- II. Негізгі бөлім
- III. Күздік бидай (морфологиясы,биологиясы,агротехикасы)
- IV. Қорытынды бөлім
- V. Пайдаланған әдебиеттер тізімі.

Кіріспе

Бидай (лат,*Triticum*) – астық тұқымдасына жататын аса маңызды дәнді дақыл. Қазақстанда 6 түрі (Еділ бидайы, Польша бидайы, көже бидай, жұмсақ бидай, қаттыбидай, көбен бидай) өседі, жабайы түрлері сирек кездеседі.



Бидай – дәнді-дақылдар тобына жататын, көбінесе біржылдық шөптесін өсімдік. Дәнді-дақылдардың ішіндегі ең басты және ең көп өндірілетін дақыл. Бидайдың 20-ға жуық жабайы және мәдени түрі белгілі. Бір гектардан 30-40 центнер өнім береді. Бидай сұрыптары құрамындағы эндосперманың (80-84%) мөлшеріне байланысты бағаланады. Бидай біздің заманымызға дейінгі 6000-5000 жылдары Ежелгі Грекияда өсіріле бастаған. Мысыр мен Қытайда біздің заманымыздан 4000 жыл бұрын бидайдан тағамдар жасаған. Адамдар бидайды тек тағам ретінде ғана емес, сонымен қатар емдік қасиеттері үшін де ерте заманнан бағалаған. Бидайдың дәні байлық пен жақсылықтың нышаны ретінде қабылданған, өйткені ол кезде көбіне қолданылған сұлы мен қара бидайға қарағанда, суыққа және құрғақшылыққа төзімсіз бидайдан жақсы өнім алу қиын болған. Ақ ұн тек үлкен мерекелер кезінде ғана пайдаланылған, онда да оған әркімнің мүмкіндігі келе бермейтін.



Күздік бидай азық-түліктік маңызы жағынан жаздық бидайға теңесе отырып, одан бірқатар артықшылықтарымен ерекшеленеді: ол күзгі-қысқы және ерте көктемгі ылғал мен қоректік заттарды тиімді пайдаланады, топырақты эрозиядан қорғайды, арамшөптермен жақсы күреседі, аурулармен аз залалданады, астық сұр көбелегінің жарақаттайтын кезеңінен өтіп кетеді, ұйымдастыру-шаруашылық жағынан өте бағалы және анағұрлым өнімді.

Биологиялық ерекшеліктері. Күздік бидайдың өсіп-дамуы екі кезеңде өтеді: біріншісі күзде, себуден тұрақты бозқырауға дейін және екіншісі көктемгі тірілуінен басталып, дәннің пісіп және өсімдіктің қурап қалуымен аяқталады. Күзгі кезеңде онда тамыр жүйесі мен жапырақ беті қарқынды дамиды. Күзгі салқын температураның нәтижесінде түптену түйіндері мен жапырақтарда қорлық пластикалық заттар, әсіресе қанттар мол жинақталады.




- Бидайдың тамыр жүйесі шашақты, ұрықтық және түйінтамырларынан құралған
- Сабағы – сабан (буынаралықтары 5-8), буынаралықтарының саны жапырақсанына сәйкес келеді. Сабаны қуысты, алайда қатты бидайда масақ асты паренхима жасушаларымен толтырылған, сондықтан тамырында тұрыпқалғанда бүтін масақпен сынып кетуі мүмкін.
- Жапырақтары – сызықты (линиялы), жапырақ тақтасы мен жапырақ қынабынан құралған, қынаптың (қынының) тақтаға ауысар жерінде тілше (түссіз пленка), ал жапырақ қынабының негізінде сабақты орап тұратын сызықты құлақша немесе мүйізшелер болады. Ылғал сүйгіш формаларында, сонымен қатар көптеген қатты бидайларда жапырақтары ірі, құрғақшылыққа төзімділерінде – ұсақ болып келеді. Жаздық бидайда екі түрлі жапырақтар ажыратылады: тамыр түбі жапырақтары және сабақтық жапырақтар. Тамыр түбі жапырақтары жер асты түйіндерінен түзіледі, олардың саны 4-5, ал сабақтық-жер үсті бөлігінде қалыптасады. Тамыр түбі жапырақтары қорлық қоректік заттарды жинақтаушы қызметін атқарады да кейіннен тамыр жүйесінің дамуы мен масақтың түзілуіне шығындалады.
- Гүл шоғыры - масақ, ол масақ білігі мен масақшалардан тұрады. Бидай масағы білігінің бір

Күздік қара бидайдың астыққа өсіру технологиясы. Ауыспалы егістіктегі орны. Күздік қара бидай қолайсыз жағдайларға төзімділігінің арқасында, күздік бидайға қарағанда, көптеген алғы дақылдардан кейін егіле береді. Ылғал жеткілікті аудандарда оны екпе сүрі жерлерге себеді-ас бұршағы, сиыр жоңышқа мен сұлы қоспасы, картоп ж.б. Құмдауыт, жеңіл құрамды топырақтарда да екпе сүрі жерлерге себілген күздік қара бидай жоғары өнім түзеді. Оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтардың қуаңшылық жағдайларында екпе сүрі жерлердің екпе дақылдары толық жетіліп үлгермейтініне байланысты күздік қара бидайды таза сүрі жерге сепкен тиімді. Күздік қара бидай бір орынға қайтара сепкенде де жоғары өнім түзеді. Солтүстік Қазақстанның шаруашылықтарында күздік қара бидайды таза сүр танабына, дұрысы ықтырмалы сүрі танабына орналастырған абзал. Күздік қара бидай басқа дақылдар үшін жақсы алғы дақыл: жүгеріге, картопқа, қант қызылшасы.

Тыңайтқыш жүйесі. Күздік қара бидай тамыры 2 м тереңдікке дейін кететін, топырақ құнарлылығын аса қажет етпейтін құмды, сазды жерлерде өсе беретін дақыл. Басқа күздік дақылдарға қарағанда қуаңшылық пен аязға төзімді. Күздік қара бидайдың 1 тонна астығы және соған сәйкес мөлшердегі сабаны топырақтан шамамен 25-30 кг азот, 10-15 кг фосфор және 20-25 кг калий пайдаланады. Қоректік заттарды түптену кезеңінен бастап түтіктену кезеңіне дейін өте көп мөлшерде қажет етеді. Топыраққа көңмен бірге фосфорит ұнын енгізген жақсы нәтиже береді, мұндай компост 10-15 тонна көңнен, 3-4 ц фосфорит ұнынан тұрады.



- 
- Жаздық және күздік бидайдан мол өнім алу үшін олардың тұқымы ылғалы аз, қуаң аймақтардағы ауыспалы егістен кейін, немесе таза сүдігерге (парға) егілгені жөн. Бұл әдісті қолданғанда бір жыл бидай, келесі жылы бір не көпжылдық шөп егіледі. Қазақстанның далалық қуаң аудандарында бидай себуге арналған топырақты сыдыра қопсытып жыртқан жақсы нәтиже береді.
 - Азот және фосфор тыңайтқыштары мөлшерінің көбейгенін сайын бидайдың түптенуі азаяды, бірақ егістегі сабақтар саны көбейеді. Сондықтан тұқым себу нормасы көбейген жағдайда тыңайтқыштардың дозасын азайтып, ал тыңайтқыштар көбейгенде, тұқым себу нормасын азайту керек.
 - Егістікте себілетін тыңайтқыштардың түрі мен мөлшері себілген дақылға және топырақтың құнарлылығына байланысты. Қазақстанның оңтүстігіндегі суармалы аудандарда күздік бидайды себу алдында топыраққа азот тыңайтқышы беріліп, өңделеді. Өнімді жинау тәсілі бидайдың биіктігі мен өсу жиілігіне, арам шөптердің түрлері мен олардың аз-көптігіне, сабақтың көлбеп жатып қалуына байланысты. Арам шөптері аз, жатып қалмаған, біркелкі пісіп жетілген астықты тікелей комбайнмен шауып бастырад



Қорытынды

Қазіргі таңда егіншіліктің мәдениетін көтеру барысында Қазақстандағы әртүрлі аймақтарға бейімделген дәнді дақылының өнімділігін арттырудың бірден-бір қайнар көзі Мамандандырылған ауыспалы егіс жүйесін қолданып, оны өндіріске кеңінен енгізу. Дәнді дақыл тектес астық өнімдерін танапқа орналастыру – кез келген шаруашылық үшін өте тиімді, ал тұқым өндіретін құрылымдарда бұл тәсіл аталған саланы өркендетудің басты шарты болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Жайлыбай, К. Н. Жаздық бидай өсіру агротехникасын жетілдіру / К. Н. Жайлыбай, Ә. М. Тоқтамысов, А. С. Сағындықова // «Жаршы» - Алматы. - 2003. - № 5.